

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жылдық оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес барлығы 3 ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды. Оның ішінде 1 оқушы денсаулығына байланысты үйден білім алса, 2 оқушы жалпы мектепте оқытылды.

Атап айтқанда;

1.«Соматикалық сырқат» категориясы бойынша Елтай Балнұр 8 сынып оқушысы ПМПК қорытындысы бойынша жалпы білім беретін мектептің бағдарламасы бойынша оқыту.

2.«Сөйлеу тілінің бұзылысы» (тұтығудың орташа дәрежесі) категориясындағы Қанатұлы жантілек 3 сынып оқушысына ПМПК мекемесінің қорытындысы бойынша жалпы білім беретін мектептің бағдарламасымен оқыту және дефектолог маманмен жұмыстану. Берілген ұсыныс бойынша оқушыға арнайы маман тарапынан төменде көрсетілген бұйрық бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспары арналды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «5» ақпандағы №51 бұйрығына 61-қосымшасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына №606 қосымша сүйене отыра оқушыға күнтізбелік тақырыптық жоспарда 68 сағат, аптасына 2 сағат 1 оқу жылына арналды.

2022-2023 оқу жылында 1 оқушы үйден оқытылды.

3. «Соматикалық сырқат» 9 сынып оқушысы Әмірбек Батырбек диагнозымен үйден оқытылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-6 қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №422 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес оқытылды. ПМПК қорытындысынан бөлек ата-ана өтініші бойынша дефектолог маманға он оқушы тіркелген. Олар «р» және «л», «ж» әріптеріне тілі келмейтін, түс танымайтын есте сақтау қабілеттері төмен, сабақ үлгерімі төмен оқушылар.

Ғимаратымыздың сыртында пандус бар. Тактильді жолдар, арнайы әжетханасы бар. Арнайы маманмен (дефектолог) қамтамасыз етілген «Инклюзивті қолдау кабинетімен» қамтамасыз етілмеген оқушылар жеке кабинеттерде оқытылады.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесі талапқа сай ұйымдастырылған.